

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 қарашадағы N 1162 және 2003 жылғы 3 ақпандағы N 117 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 қарашадағы N 1137 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) (Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.08.03. N 824 Қаулысымен)

2) "Қазақстан Республикасының Үкіметі заң жобалау жұмыстарының 2003 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 ақпандағы N 117 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі заң жобалау жұмыстарының 2003 жылға арналған жоспарында:

"Заң жобасының атауы" деген бағандағы реттік нөмірі 38-жолда "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өндіріс және тұтыну қалдықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" деген сөздер "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өндіріс және тұтыну қалдықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі